

2025 жылға арналған диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы «8D071 – Инженерия және инженерлік іс» кадрлар даярлау бағыты бойынша «8D07180 (6D072400) – Технологиялық машиналар мен жабдықтар (салалар бойынша)» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңес.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

Диссертациялық кеңес есептік жылы ішінде 3 отырыс өткізді, оның ішінде 2 отырыс – ұйымдастырушылық сипатта, 1 отырыс – диссертация қорғауға арналды.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі

1) Хамитбек Аят Хайыржанұлы – Алматы технологиялық университеті.

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау

Хамитбек А.Х. диссертациялық жұмысы агроөнеркәсіптік кешеннің шағын және орта кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында балқарағай жаңғағы ядросын қабығынан ұқыпты түрде бөліп алуға арналған жоғары тиімді әрі ресурс үнемдейтін жабдықты әзірлеуге бағытталған.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Диссертациялық жұмыс 2022–2024 жылдарға арналған ғылымды дамытудың басым бағыты – «Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі» және мамандандырылған ғылыми бағыты – «Агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуды техникалық қамтамасыз ету» талаптарына толық сәйкес келеді.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Қондырғының тәжірибелік үлгісі Алматы облысындағы «СМАК» ЖШС базасында өндірістік сынақтардан өтіп, өндіріске енгізілді. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда энергия тұтыну 4–6 есеге азайды, зақымданған ядролардың үлесі 5–8 % дейін төмендеді (әдеттегі 15–20 % орнына), ал бүтін ядролардың шығымы 85–90 % дейін артты.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Сапасыз пікірлер болған жоқ.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесі қазіргі заман талаптарына сай келеді.

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 1;

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

СТІН

AB

А.А. Волненко

С. 1

Д.К. Жумадуллаев

« 31 » 12 2025 ж.